



АЛАШ РУХЫНЫҢ АРУНАСЫ

АҚШАМ-АҚПАРАТ / 14.10.2015, 10:06 / 47 РЕТ ОҚЫЛДЫ

Саналы ғұмырын кітапханаға арнаған ғасыр жасаған ана

Нұрхан Бетішқызы Ахметова Жезқазған облысының №12 ауылындағы Сарысу езенінің жағасында, 1915 жылы орта-шаруа, дала қазағының жанұясында дүниеге келді. Өзінің айтуында: «Өзенниң сол жақ жағалауы құмды, оң жақ жағалауы құмайт топырақты болып келетін» өлкеде өткен балалық шағында ата-анасынан ерте айрылды.

Нұрханның жастық дәуренін көзіндегі тәрбиесі агалары – Сұлтан мен Қапланбек Бетешев міндетінде болды.

Нұрханның балалық дауірі еліміздің ауыр кезеңіне тұспа-тұс келді. 1927 жылдары Қарсақбай зауытының алғашқы құрылышы басталған кезде жұмыс іздел келген ағасы іле-шала жанұясын осы қалаға көшіріп алды. Нұрхан Бетіш қызының естелігінде айтылатын Сарысу жағалауынан бастап, Қазақстанның онтүстігі мен солтүстігіне, Қызылорда мен Түркістанға, Қарсақпай мен Жезқазғанға қатынайтын жол өткөлінде Нұрханның балалық шағы шетсіз де шексіз жайылып жатқан қазақтың кең даласының төсінде етті. Өзінің ескен жерін сағынышпен еске алып, оның көктем шыға құлпырып, танымастай өзгеретін жер жәннатына балайтын елді-мекеніндегі ауыл тұрғындары жаз жайлауын өзенниң онтүстігіне қоюыс аударып, күз мезгілінде солтүстік жағалауына қоныстырап, малға жайлы жер іздейтін. Онда есетін шайыр жапырақтан бастап, неше түрлі гүлдер мен шәптесіндерден басқа Қазақстанның өзге өнірлерінде кездесе бермейтін өзгеше өсімдіктермен көмкерілген тұған топырағын сағына, құмарлана жиі есіне алып отыратын.

Нұрхан ел басына күн туып, Отанымызға қатар тәнген неміс басқыншылығы тұсында ерлерге бергісіз ержүректілігімен қатар үйимдастырушылық қабілетінің арқасында Орталық Қазақстан комсомол үйімінде соғыс ерті жалындал тұрған аймақта қосымша күш ретінде соғыс қаруын сатып алатын қор үйимдастырылды. Нұрхан Бетішқызының табандылығы арқасында 11 міллион 650 мың сом ақша жиналып, соңғы технологиямен құрастырылған танк сатып алынды. Нұрхан Бетішқызының ағасы Сұлтан Ахметұлы көзі ашиқ, кеңілі ояу, болашақты болжай білетін саналы азамат болғандықтан, өзінен кейінгі іні-қарындастарына жарқын өмірге жол сілтей білді. Ол кісінің жақын араласып, ой белісетін, жанына жақын достары біздің мақтанышымыз, әрі қаһармандарымыз – Бауыржан Момышұлы, Мәлік Габдуллин, Павель Кузнецов сияқты азаматтар болса, ірі тұлғамыз – қазақтың біртуар ұлы академик Қаныш Имантаіұлы Сәтбаев еді. Осындай ортада тәлім алған Нұрхан Бетішқызы Ахметова 1938 жылы Мәскеудің темір жол транспорт мамандығы бойынша оқу орнын бітірген соң ауыр көлік экономикасының инженері қызметін атқаруға кіріспі, комсомол, партия жұмыстарында үлкен беделге ие болды. Нұрхан Ахметованың еңбек жолына кез жіберсек, биік лауазымды қызметтөр атқарғандығын, сонымен қатар, өзі қызмет еткен партия, комсомол жұмыстарында жинаған мол тәжірибесін өмірде тімді пайдаланып, бертінде кітапхана жұмысын зор ықыласпен үйимдастыра білгендігінің күесі боламыз. Өмірден алған мол тәжірибесінің арқасында қын-қыстау кезде де жол таба білген қаршадай қазақ қызы комсомол қатарына қабылданған 1939 – 1948 жылдар аралығында атқарған қызмет барысын санамаласақ, майданға жіберілген 46 соғыс техникасының құрамында қазақстандықтардың да мол үлесі болды. «Қазақстан комсомолы» атты танк Жеңіс күнін жақындағы түскеніне Нұрхан Бетішқызының да қолтаңбасы бар деп білеміз. Бұл танкі Берлинге дейін барып, Жеңіс күнін желбіреткенін басылым беттерінде жарық көрғен, жауынгерлердің мақтанышпен айтқан естеліктерінен оқырмандар күе.

Қазақтың көреген ұлы, академик Қаныш Имантаіұлы Сәтбаевтың ұсынысын қабылдап, 1957 жылы Нұрхан Бетішқызы Фылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасына директор болып тағайындалды. Өр мінезді, ерекше тәрбиелі, білімді басшы кітапхана ісіне жан бітірген іскерлігінің арқасында Орталық ғылыми кітапхана сол кездегі одақ бойынша жоғары деңгейге көтерілді. Кітапхана қоры молығып, қандай кітап болмасын Одақ, қала

берді шет ел кітапханаларындағы сирек кездесетін кітаптармен танысуга оқырмандар қол жеткізді. Кітапхана қорынан кеңес екіметіне дейін жарық көрген көне шығармаларымызбен қатар, елімізден сырт жақта, алыс-жақын көрші елдердің кітапханаларында сақталған, соның ішінде Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент, Бішкек қалаларының кітапханаларының қорлары мен мұрағаттарында сақталған қазақтың асыл мұраларын жинастырып, олардың көнерін, оқылуы қыын мәтіндерін қалпына келтіруге күш салды. Осындай іскерлігінің арқасында 1960 – 1963 жылдары «Айқап» журналы, «Түркістан уалаяты» газеті, «Дала уалаяты», «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», басылымдарын жинақтауда үлкен жұмыстар атқарды. Кітапхана қызыметкерлерінің біліктілігін арттыруға да кеңіл беліп, қызыметкерлердің білімін көтеріп отыру үшін семинарлар мен лекция тыңдауға жіберді. Басқа да сырт елдердегі атақты үлкен кітапханалармен тәжірибе алмасу мақсатында Мәскеу, Уфа, Ташкент, Бішкек қалаларындағы кітапханаларға іссапарға баруға көніл белді. Кітапхана қызыметкерлерінің тұрмыстық жағдайына қарасып, академия жанынан салынған жатақханаларға орналасуы мен пәтер жалдап тұрған қызыметкерлерінің үйлі болуына атсалысты.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Нұрхан Бәтішқызы Ахметова кітапхана жұмысын жоғары деңгейде жүргізу үшін ғылыммен айналысусы керек екеніндігін жақсы түсінгендіктен, кітапхана қызыметкерлері – әр саланы қамтитын мамандық иелерін, ғылым саласымен айналысусына да көп күш жұмсал, араларында ғылым кандидаттары мен докторларын қорғатып шығарды.

Кітапхана басшысының жылдық есеп беруіндегі мәліметтерге сүйенсек, жалпы кітап саны 6 миллионнан асып жығылады екен. Кітапхана дүние жүзіндегі 76 мемлекеттің, 1760 ғылыми мекемелердің кітапханаларымен кітап алмасып тұратын ғылым ордасында ең бай қор – жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар саласындағы кітаптар сан жағынан елемдегі ең ірі кітапханаларға жетегабыл екен.

Физика-математика ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Асқар Жұмаділдаев: «Бізде жоқ әлі де кемшін түсіп жатқан жері ірі алпауыт елдердің кітапханаларымен қатар салыстыра отырып, солардың қорларындағы керек деген материалдарды осында отырып-ақ алуымызға болатын мүмкіндіктер жасалса, құба-құл болар еді», – деген ойын айтады. Ғылыммен айналысатын әрбір ғалымның материал іздестіруде баратын бірден-бір түп қазығы – кітапхана екендігі барша жүртқа аян. Мұнда сирек кездесетін кітаптар мен қолжазба қоры жеткілікті. Кітапхананың қазірт ғылыми табыстары компьютер, автоматтандырудың жетістіктері мол.

Нұрхан Бәтішқызы биыл ғасырдан асса да санасты сергек, сүйегінің асылдығынан өткен өмірі мен еңбек жолы туралы тартымды әңгімелеп береді. Отбасының үйшіккысы немере, шеберелерінің ортасындағы бақытты әженің кейінгі үрпағына айтарты мол.

Қазіргі кітапхана үкімі Нұрхан Бәтішқызы Ахметованың ізбасарлары мен шекірттері білімге толы қарашаңрақтың дамуына ездерінің үлесін қосуда. Бүлінгі таңда кітапханада өркениетті технология кеңінен пайдаланылып, ғылыми табыстары компьютерге жазылып, сирек кездесетін қолжазба нұсқалары толықтай электронды нұсқаға түсірілген.

Санагүл МАЙЛЫБАЕВА,

кітапхананың ғылыми-библиографиялық бөлімінің жетекші маманы, ф.ғ.к. доцент.